ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

17.06.2022 ж.

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 198

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасының аумағынан жекелеген тауарларды әкетудің кейбір мәселелері туралы**

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 2-тармағына және 18-бабы 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге сандық шектеулер (квоталар) енгізілетін тауарлар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Аграрлық азық-түлік нарықтары және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 31 тамызға дейін (қоса алғанда) қолданыста болады.

**Министрдің м.а.** **Р. Құрманов**

003781

бұйрығына 1-қосымша

## Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 3-тармағына сәйкес әзірленді және сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы – кедендік-тарифтік реттеу шараларын, кедендік әкету баждарын, тыйым салулар мен шектеулерді, ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану, кедендік статистиканы жүргізу мақсатында тауарларды сыныптау үшін пайдаланылатын тауарларды сипаттау және кодтау жүйесі;

2) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар (бұдан әрі – өтінім беруші) – сыртқы сауда қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке тұлғалар және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылмайтын ұйымдар;

3) тауар – Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге сандық шектеулер (квоталар) енгізілетін тауарлар тізбесінде көрсетілген тауарлар.

### 2-тарау. Сандық шектеулерді (квоталарды) бөлу тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидалар қолданысқа енгізілен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде уәкілетті органның интернет-ресурсында (www.gov.kz) 2022 жылғы маусым-тамызда Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге квота алуға арналған өтінімдерді кабылдау туралы хабарландыруды (бұдан әрі – хабарландыру) орналастырады.

Хабарландыруда мынадай ақпарат көрсетіледі: тауардың атауы, бөлінетін квотаның ай сайынғы көлемі, бір өтінім берушіге өтінім беруге жол берілетін ай сайынғы лимит, квотаны алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі, өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты, уәкілетті органның заңды мекенжайы, уәкілетті орган кеңсесінің электрондық мекенжайы.

4. Квотаның қолданылу кезеңінде тауарларды әкетуге арналған өтінімді беруге бір өтініш берушіге рұқсат етілген ай сайынғы лимит белгіленеді, ол жиынтығында 6000 (алты мың) тоннадан аспайды.

5. Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елдерге және Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне тауарларды әкетуге квота алу үшін өтінім беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды әкетуге квота алуға өтінім (бұдан әрі – өтінім) береді.

Әрбір өтінім беруші тиісті айға бір ғана өтінім береді.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) олардың негізінде тауарларды әкету жүзеге асырылатын келісімшарттардың (шарттардың) көшірмелері (уәкілетті банк (оның филиалы) немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы берген есептік нөмірдің деректемелерін көрсете отырып, экспорт бойынша валюталық шарт үшін);

2) күнбағыс майын өндірушінің атынан күнбағыс майы әкетілген жағдайда күнбағыс майын өндірушіден контрагент-экспорттаушы туралы немесе заңды тұлға-өтініш берушінің үлестестігі туралы растау хат.

Бұл ретте, күнбағыс майын өндіруші контрагент-экспорттаушыға не үлестес заңды тұлғаға бір ғана растау хатын береді.

6. Өтінім берушінің бірінші басшысы не өкілеттіктерін растайтын тиісті құжаттың негізінде уәкілетті адам қол қойған өтінім және өтінімге қоса берілетін құжаттар уәкілетті органның кеңсесі арқылы қолма-қол немесе уәкілетті орган кеңсесінің электрондық мекенжайына электрондық түрде беріледі.

Өтінім және өтінімге қоса берілетін құжаттар уәкілетті органның кеңсесінде келіп түскен күні тіркеу нөмірі мен күнін бере отырып, қабылданады және тіркеледі және құжаттарды қарауды тікелей жүзеге асыратын уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесіне жолданады.

Өтінім беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде құжаттарды қабылдау одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

7. Уәкілетті орган құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық еместігі және (немесе) құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес еместігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган өтінім берушіге хабарлама жібереді, онда ұсынылған құжаттардың

қандай талаптарға сәйкес келмейтіні көрсетіледі. Хабарлама өтінім берушінің өтінімде көрсеткен электрондық мекенжайына жіберіледі.

Құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өтінім беруші хабарламаны алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Егер өтінім беруші 2 (екі) жұмыс күні өткеннен кейін құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтірмесе, онда уәкілетті орган өтінім берушінің өтінімде көрсетілген электрондық мекенжайына өтінімді одан әрі қараудан бас тартудың нақты себептерін көрсете отырып, уәжді бас тартуды жібереді.

8. Осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау мерзімдері аяқталғаннан кейін уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге арналған квота көлемін мынадай тәртіппен бөледі:

1) жоспарланған айға Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге квота алу үшін жалпы мәлімделген көлем (бұдан әрі – жалпы мәлімделген көлем) есептеледі;

2) әрбір өтінім берушінің жалпы мәлімделген көлемдегі үлес салмағы айқындалады;

3) жалпы мәлімделген көлем тиісті айға белгіленген квота көлемінен асып кеткен жағдайда, әрбір өтінім беруші үшін квота көлемі оның жалпы мәлімделген көлемдегі үлесіне мынадай формула бойынша пропорционалды есептеледі:

$$V * Uz = Vz,$$

мұндағы:

V – тиісті айға белгілеген квота көлемі, тонна;

Uz – өтінім берушінің экспорттың жалпы мәлімделген көлеміндегі үлес салмағы, %;

Vz – өтінім беруші квотасының көлемі, тонна.

9. Оларға қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері басталған, сондай-ақ «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қызметтері тоқтатылған өтінім берушілерге квоталар берілмейді.

10. Квота көлемін бөлу қорытындылары бойынша уәкілетті орган 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге квота алған сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың жиынтық тізбесін (бұдан әрі - жиынтық тізбесі) қалыптастырады және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

Тауардың жиынтық тізбеде көрсетілген тауарды тиеп-жөнелту орны бойынша деректер өзгертілген кезде өтініш беруші уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

11. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық

бөлімшелері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес жиынтық тізбеге енгізілген тұлғаларға фитосанитариялық сертификат береді.

Фитосанитариялық сертификат жиынтық тізбеде көрсетілген мәліметтер негізінде тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге беріледі.

Өтінім берушінің фитосанитариялық сертификат алуға арналған өтінішінде қамтылған мәліметтердің жиынтық тізбеде көрсетілген мәліметтермен сәйкес еместігі анықталған жағдайда, аумақтық бөлімшелер фитосанитариялық сертификат беруден бас тартады.

12. Тауарларды алынған квоталар көлемі шеңберінде осы бұйрыққа 2-қосымшада көрсетілген квотаның қолданылу мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге болады.

13. Өтінім беруші бұрын алынған квота көлемінен бас тартқан жағдайда, өтінім беруші уәкілетті органға тауардың атауын және бөлінген квота көлемін көрсете отырып, квотадан бас тарту туралы хат жібереді.

14. Тауарларды әкетуге арналған бөлінбей қалған квоталардың көлемі бар болса, уәкілетті орган квотаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 25 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарландыруды орналастырады.

15. Осы Қағидаларда көзделген, қабылданған міндеттемелердің орындалмауына жол берген сыртқы сауда қызметіне қатысушылар квоталарды одан әрі бөлуге жіберілмейді.

Сандық шектеулерді
(квоталарды) бөлу
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігіне

**20___жылғы _______ тауарларды әкетуге квота алуға арналған өтінім**

_______________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге квота бөлуді сұрайды.

Экспорттың жоспарланған көлемі: __________ (тауардың атауы, Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының коды (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН коды) ______ мың тоннаны; ________

(тауардың атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН коды) ______ мың тоннаны құрайды; |

Тиеп-жөнелту орны:________________________________ болып

(облыс, қала, аудан, станция)

табылады.

Тиеп-жөнелту түрі: ____________________________________________

(вагон, контейнер, автомобиль көлігі)

| | |
|---|---|
| Қызмет түрі (экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет түрінің коды) | |
| Өтінім берушінің орналасқан жерінің (заңды мекенжайы) мекенжайы | |
| Өтінім берушінің телефоны, электрондық почтасы | |
| Өтінім берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі | |
| Күнбағыс майын өндірушінің атауы | |
| Дайын өнім бойынша күнбағыс майын өндіру қуаты, тонна/ тәулігіне | |

| | |
|---|---|
| Келісімшарттың (шарттың) нөмірі | |
| Келісімшарттың (шарттың) күні | |
| Келісімшартты (шартты) есепке алу нөмірі | |
| ЕАЭО СЭҚ ТН коды | |
| Тауардың атауы | |
| Келісімшартқа (шартқа) сәйкес саны, тонна | |
| Келісімшарттың (шарттың) құны, Америка Құрама Штаттарының долларымен | |
| Өтінім берген сәтте күнбағыс майын өндірушіде күнбағыс тұқымының болуы, тонна | |
| Өтінім берген сәтте күнбағыс майын өндірушіде күнбағыс майының (тазартылған және (немесе) тазартылмаған) болуы, тонна | |

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

Маған/бізге қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдердің басталмағандығын, сондай-ақ менің/біздің қызметім(-із) «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уақытша тоқтатылмағандығын растаймын/растаймын.

_______________ ________________________________ ________________

(лауазымы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) (қолы)

20__ жылғы «____» ___________

Сандық шектеулерді
(квоталарды) бөлу қағидаларына
2-қосымша

Нысан

20__жылғы __________айына арналған

**Қазақстан Республикасының аумағынан тауарларды әкетуге квота алған сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың жиынтық тізбесі**

| Р/с № | Сыртқы сауда қызметіне қатысушының (үлестес заңды тұлғаның, контрагент-экспорттаушының) атауы | Бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі | Тауардың атауы және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының коды (ЕАЭО СЭҚ ТН) | Саны, тонна | Тиеп-жөнелту орны | Квотаны бөлу күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

бұйрығына 2-қосымша

## Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге сандық шектеулер (квоталар) енгізілетін тауарлардың тізбесі

| Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) коды* | Тауардың атауы* | Квотаның көлемі, тонна | Қолданылу мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1512 11 910 1 | Бастапқы орамада таза салмағы 10 литр немесе одан да аз шикі күнбағыс майы | 68 000 | 2022 жылғы 31 тамызға дейін (коса алғанда) |
| 1512 11 910 9 | Өзге де шикі күнбағыс майы | | |
| 1512 19 900 2 | Бастапқы орамада таза салмағы 10 литр немесе одан да аз өзге де күнбағыс майы немесе оның фракциялары | | |
| 1512 19 900 9 | Өзгелер де | | |

Ескертпе:

* сандық шектеулерді (квоталарды) қолдану мақсаттары үшін тауарлар ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарымен де, тауарлардың атауларымен де айқындалады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

17.06.2022 г. № 198

Нұр-Сұлтан қаласы город Нур-Султан

**О некоторых вопросах вывоза отдельных товаров с территории Республики Казахстан**

В соответствии с пунктом 2 статьи 17 и пунктом 3 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) Правила распределения количественных ограничений (квот) согласно приложению 1 к настоящему приказу;

2) Перечень товаров, в отношении вывоза которых с территории Республики Казахстан вводятся количественные ограничения (квоты), согласно приложению 2 к настоящему приказу.

2. Департаменту агропродовольственных рынков и переработки сельскохозяйственной продукции Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего приказа в Министерстве юстиции Республики Казахстан;

2) размещение настоящего приказа на интернет-ресурсе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан после его официального опубликования.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра сельского хозяйства Республики Казахстан.

4. Настоящий приказ вводится в действие после дня его первого официального опубликования и действует по 31 августа 2022 года.

**И.о. Министра** **Р. Курманов**

003780

Приложение 1 к приказу

## Правила распределения количественных ограничений (квот)

### Глава 1. Общие положения

1. Настоящие Правила распределения количественных ограничений (квот) (далее – Правила) разработаны в соответствии с пунктом 3 статьи 18 Закона Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» и определяют порядок распределения количественных ограничений (квот).

2. В настоящих Правилах применяются следующие понятия:

1) единая товарная номенклатура внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза – система описания и кодирования товаров, которая используется для классификации товаров в целях применения мер таможенно-тарифного регулирования, вывозных таможенных пошлин, запретов и ограничений, мер защиты внутреннего рынка, ведения таможенной статистики;

2) участники внешнеторговой деятельности (далее – заявитель) – осуществляющие внешнеторговую деятельность физические лица, в том числе зарегистрированные в качестве индивидуальных предпринимателей в соответствии с законодательством Республики Казахстан, и юридические лица, созданные в соответствии с законодательством Республики Казахстан, а также организации, не являющиеся юридическими лицами;

3) товар – товары, произведенные на территории Республики Казахстан, и указанные в перечне товаров, в отношении вывоза которых с территории Республики Казахстан вводятся количественные ограничения (квоты) согласно приложению 2 к настоящему приказу.

### Глава 2. Порядок распределения количественных ограничений (квот)

3. Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – уполномоченный орган) в течение 3 (трех) рабочих дней со дня введения в действие настоящих Правил размещает на интернет-ресурсе уполномоченного органа (www.gov.kz) объявление о приеме заявок на получение квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан (далее – объявление) за июнь-август 2022 года.

В объявлении указывается следующая информация: наименование товара, ежемесячный объем распределяемой квоты, допустимый ежемесячный лимит на подачу заявки для одного заявителя, перечень необходимых документов для получения квоты, дата и время начала и завершения приема заявок, юридический адрес уполномоченного органа, электронный адрес канцелярии уполномоченного органа.

4. На период действия квоты устанавливается допустимый ежемесячный лимит для одного заявителя на подачу заявки на вывоз товаров, который в совокупности составляет не более 6000 (шести тысяч) тонн.

5. Для получения квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан в третьи страны и в страны Евразийского экономического союза заявителем подается заявка на получение квоты на вывоз товаров по форме согласно приложению 1 к настоящим Правилам (далее – заявка).

Каждый заявитель подает только одну заявку на соответствующий месяц.

К заявке прилагаются следующие документы:

1) копии контрактов (договоров), на основании которых осуществляется вывоз товаров (для валютного договора по экспорту, с указанием реквизитов учетного номера, присвоенного уполномоченным банком (его филиалом) или территориальным филиалом Национального Банка Республики Казахстан);

2) письмо-подтверждение от производителя масла подсолнечного об контрагенте-экспортере или об аффилированности юридического лица-заявителя в случае вывоза масла подсолнечного от имени производителя масла подсолнечного.

При этом производителем масла подсолнечного предоставляется только одно письмо-подтверждение на контрагента-экспортера либо аффилированного юридического лица.

6. Заявка, подписанная первым руководителем заявителя, либо уполномоченным лицом на основании соответствующего документа, подтверждающего полномочия, и прилагаемые к заявке документы предоставляются нарочно через канцелярию уполномоченного органа или в электронном виде на электронный адрес канцелярии уполномоченного органа.

Заявка и прилагаемые к заявке документы принимаются и регистрируются в канцелярии уполномоченного органа в день их поступления с присвоением регистрационного номера и даты, и направляются в структурное подразделение уполномоченного органа, непосредственно осуществляющее рассмотрение документов.

При обращении заявителя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни согласно трудовому законодательству Республики Казахстан, прием документов осуществляется в ближайший следующий за ним рабочий день.

7. Уполномоченный орган в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня получения документов проверяет представленные документы на предмет полноты и соответствия требованиям настоящих Правил.

В случае установления неполноты представленных документов и (или) несоответствия документов требованиям настоящих Правил, уполномоченный орган направляет заявителю уведомление, в котором указывает, каким требованиям не соответствуют представленные документы. Уведомление направляется на электронный адрес, указанный заявителем в заявке.

Срок для приведения документов в соответствие с требованиями настоящих Правил составляет 2 (два) рабочих дня с момента получения заявителем уведомления.

В случае, если по истечении 2 (двух) рабочих дней заявитель не привел документы в соответствие с требованиями настоящих Правил, уполномоченный орган направляет на электронный адрес заявителя, указанный в заявке, мотивированный отказ с указанием конкретных причин отказа в дальнейшем рассмотрении заявки.

8. После окончания сроков рассмотрения документов, указанных в пункте 7 настоящих Правил, уполномоченный орган в течение 5 (пяти) рабочих дней распределяет объемы квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан в следующем порядке:

1) рассчитывается общий заявленный объем для получения квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан на планируемый месяц (далее – общий заявленный объем);

2) определяется удельный вес каждого заявителя в общем заявленном объеме;

3) в случае, если общий заявленный объем превышает объем квоты, установленный на соответствующий месяц, объем квоты для каждого заявителя рассчитывается пропорционально его доле в общем заявленном объеме по следующей формуле:

$$V * Uz = Vz,$$

где:

V – объем квоты, установленный на соответствующий месяц, тонна;

Uz – удельный вес заявителя в общем заявленном объеме экспорта, %;

Vz – объем квоты заявителя, тонна.

9. Квоты не предоставляются заявителям, в отношении которых начаты процедуры ликвидации, реабилитации или банкротства, а также деятельность которых приостановлена в соответствии с Законом Республики Казахстан «О реабилитации и банкротстве».

10. По итогам распределения объема квоты уполномоченный орган в течение 1 (одного) рабочего дня формирует и размещает на интернет-ресурсе уполномоченного органа сводный перечень участников внешнеторговой деятельности, получивших квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан по форме согласно приложению 2 к настоящим Правилам (далее – сводный перечень).

При изменении данных по месту отгрузки товара, указанных в сводном перечне, заявитель письменно уведомляет об этом уполномоченный орган.

11. Территориальные подразделения Комитета государственной инспекции в агропромышленном комплексе Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан (далее – территориальные подразделения) в соответствии с Правилами по охране территории Республики Казахстан от карантинных объектов и чужеродных видов, утвержденными приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 июня 2015 года № 15-08/590 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 12032), выдают фитосанитарный сертификат лицам, включенным в сводный перечень.

Фитосанитарный сертификат выдается на вывоз с территории Республики Казахстан товаров на основании сведений, указанных в сводном перечне.

В случае установления несоответствия сведений, содержащихся в заявлении заявителя на получение фитосанитарного сертификата со сведениями, указанными в сводном перечне, территориальные подразделения отказывают в выдаче фитосанитарного сертификата.

12. Товары могут быть вывезены с территории Республики Казахстан в рамках полученных объемов квот в течение срока действия квоты, указанного в приложении 2 к настоящему приказу.

13. В случае отказа заявителя от ранее полученного объема квоты, заявитель направляет в уполномоченный орган письмо об отказе от квоты с указанием наименования товара и объема выделенной квоты.

14. При наличии объемов квот на вывоз товаров, оставшихся нераспределенными, объявление размещается уполномоченным органом не позднее 25 рабочих дней до окончания срока действия квоты.

15. Участники внешнеторговой деятельности, допустившие неисполнение принятых обязательств, предусмотренных настоящими Правилами, к распределению квот в дальнейшем не допускаются.

Приложение 1
к Правилам распределения
количественных ограничений (квот)

Форма

В Министерство сельского
хозяйства
Республики Казахстан

**Заявка на получение квоты на вывоз товаров**
на _________20___ года

_______________________________________________________________
(полное наименование юридического лица или фамилия, имя, отчество (при наличии) физического лица)
просит выделить квоту на вывоз товаров с территории Республики Казахстан.
Планируемый объем экспорта составляет:
_______________________________________________________________
(наименование товара, код Товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (далее – ТН ВЭД ЕАЭС)
_______________________________________________________ тысяч тонн;
(наименование товара, код ТН ВЭД ЕАЭС)
_______________________________________________________ тысяч тонн;
Местом отгрузки является: ______________________________________
________________________________________ (область, город, район, станция)
Вид отгрузки: ________________________________________________
______________________________(вагон, контейнер, автомобильный транспорт)

| | |
|---|---|
| Вид деятельности (код по общему классификатору видов экономической деятельности) | |
| Адрес местонахождения (юридический адрес) заявителя | |
| Телефон, электронная почта заявителя | |
| Индивидуальный идентификационный | |

| | |
|---|---|
| номер/бизнес-идентификационный номер заявителя | |
| Наименование производителя масла подсолнечного | |
| Мощность производства подсолнечного масла по готовой продукции, тонн/сутки | |
| Номер контракта (договора) | |
| Дата контракта (договора) | |
| Учетный номер контракта (договора) | |
| Код ТН ВЭД ЕАЭС | |
| Наименование товара | |
| Количество согласно контракту (договору), тонн | |
| Стоимость контракта (договора), в долларах Соединенных Штатов Америки | |
| Наличие семян подсолнечника у производителя масла подсолнечного на момент подачи заявки, тонн | |
| Наличие масла подсолнечного у производителя масла подсолнечного (рафинированного и (или) нерафинированного) на момент подачи заявки, тонн | |

Подтверждаю достоверность представленной информации, осведомлен об ответственности за представление недостоверных сведений и даю согласие на использование сведений, составляющих охраняемую законом тайну, а также на сбор, обработку персональных данных.

Подтверждаю, что в отношении меня/нас не начаты процедуры ликвидации, реабилитации или банкротства, а также то, что моя/наша деятельность не приостановлена в соответствии с Законом Республики Казахстан «О реабилитации и банкротстве».

__________ ________________________________________ _______________

(должность) (фамилия, имя, отчество (при наличии)) (подпись)

«____»___ _____ 20___ года

Приложение 2
к Правилам распределения
количественных ограничений
(квот)

Форма

**Сводный перечень участников внешнеторговой деятельности, получивших квоты на вывоз товаров с территории Республики Казахстан**

на ___________месяц 20__года

| № п/п | Наименование участника внешнеторговой деятельности (аффилированного юридического лица, контрагента-экспортера) | Бизнес-идентификационный номер/ индивидуальный идентификационный номер | Наименование товара и код Товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (ТН ВЭД ЕАЭС) | Количество, тонн | Место отгрузки | Дата распределения квоты | Дата окончания срока действия квоты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |
| | | | | | | | |

Приложение 2 к приказу

**Перечень товаров, в отношении вывоза которых с территории Республики Казахстан вводятся количественные ограничения (квоты)**

| Код Товарной номенклатуры внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза (далее – ТН ВЭД ЕАЭС)* | Наименование товара* | Размер квоты, тонн | Срок действия |
|---|---|---|---|
| 1512 11 910 1 | Масло подсолнечное сырое в первичных упаковках нетто-объемом 10 литров или менее | 68 000 | по 31 августа (включительно) 2022 года |
| 1512 11 910 9 | Масло подсолнечное сырое прочее | | |
| 1512 19 900 2 | Прочее подсолнечное масло или его фракции в первичных упаковках нетто-объемом 10 литров или менее | | |
| 1512 19 900 9 | Прочие | | |

Примечание:

* для целей применения количественных ограничений (квот) товары определяются как кодами ТН ВЭД ЕАЭС, так и наименованиями товаров.